- 8) Басқарушы компанияның мұрағатына дауыс беру бюллетендері мен дауыс беру қортындылары туралы хаттаманы тапсырады.

22.3. Есептеу комиссиясы акционерлердің жалпы жиналысының дауыс беруге арналған дауыс беру бюллетендерінде қамтылған ақпараттың құпиялылығын қамтамасыз етеді.

## 23. Акционерлердің жалпы жиналысындағы өкілдік

23.1. Акционер акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша жеке өзі немесе өз өкілі арқылы дауыс беруге құқылы.

Акционерлердің жалпы жиналысында Басқарушы компанияның атқарушы мүшелері акционерлер өкілдері ретінде сөз сөйлеуге құқығы жоқ.

Акционерлердің өкілі Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес рәсімделген сенімхат негізінде әрекет етеді.

23.2. Қазақстан Республикасының заңдарына немесе шартқа сәйкес акционерлердің атынан сенімхатсыз әрекет етуге немесе оның мүдделерін білдіруге құқығы бар тұлғадан акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және қаралатын мәселелер бойынша дауыс беруге сенімхат талап етілмейді.

## 24. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі

24.1. Акционерлердің жалпы жиналысын өткізу тәртібі Қазақстан Республикасы заңнамасына, Басқарушы компанияның жарғысына және Басқарушы компанияның ішкі қызметін, не болмаса акционерлердің жалпы жиналысын реттейтін өзге құжаттарға сәйкес анықталады.

24.2. Акционерлердің жалпы жиналысын ашқанға дейін келген акционерлерді (олардың өкілдерін) тіркеуді жүргізеді. Акционердің өкілі акционерлердің жалпы жиналысына қатысу мен дауыс беру өкілеттігін растайтын сенімхатты көрсетуі тиіс.

Тіркеуге кірмеген акционер (акционердің өкілі) қворумды анықтаған жағдайда ескерілмейді және дауыс беруге қатысуға құқығы жоқ.

Артықшылықты акциялардың кесі болған Басқарушы компанияның акционері жүздесу түрінде өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және онда қаралатын мәселелерді талқылауға қатысуға хақылы.

24.3. Акционерлердің жалпы жиналысы кворум болған кезде жарияланған уақытта ашылады. Акционерлердің жалпы жиналысы барлық акционерлер (олардың өкілдері) тіркелген, жиналысты ашу уақытын өзгертілгендімен хабарланған және оған қарсы болмаған жағдайларды қоспағанда бұрын жарияланған уақытта ашылуы мүмкін.

24.4. Акционерлердің жалпы жиналысы жалпы жиналыс төрағасын (төрақасын) және хатшысын сайлайды.

Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс беру түрін – ашық немесе құпия (бюллетендер бойынша) анықтайды. Акционерлердің жалпы жиналысы төрағасын (төрақасын) және хатшысын сайлау мәселесі бойынша дауыс берген жағдайда әр акционер бір дауысқа ие, ал шешім қатысушылар санының жай дауыстар көпшілігімен қабылданады. Атқарушы органның мүшелері акционерлердің жалпы жиналысында мына жағдайларды қоспағанда, жиналысқа қатысқан барлық акционерлер атқарушы органға кірген жағдайда төрағалық ете алмайды.

24.5. Акционерлердің жалпы жиналысын жүргізу барысында оның төрағасы қарастырылатын мәселе бойынша жары сөздерді тоқтату, сондайақ ол бойынша дауыс беру тәсілін өзгерту туралы дауыс беру ұсыныстарды дауысқа шығаруға құқылы.

Төраға күн тәртібіндегі мәселені талқылауға құқығы бар тұлғалардың сөз сөйлеулеріне кедергі келтіре алмайды, мұндай сөз сөйлеулер акционерлердің жалпы жиналысының реттемесін бұзуға өкпе соқтырады немесе осы мәселелер бойынша жарыс сөздер тоқтатылады.

24.6. Акционерлердің жалпы жиналысы өз жұмысындағы үзіліс және жұмыс мерзімдерін ұзарту, оның ішінде келесі күнге арналған акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің жекелеген мәселелерін қарауды ауыстыру туралы шешім қабылдауға құқықты.

24.7. Акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібінің барлық мәселелері қаралғаннан және олар бойынша шешімдер қабылдағаннан кейін ғана жабық деп жариялануы тиіс.

24.8. Акционерлердің жалпы жиналысының хатшысы акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында көрсетілген мәліметтердің толықтығы мен растылығына жауап береді.

#### **25. Акционерлердің жалпы жиналысының сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдауы**

25.1. Акционерлердің жалпы жиналысының шешімдері сырттай дауыс беруді жүргізу арқылы қабылдануы мүмкін. Сырттай дауыс беру акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын (аралас дауыс беру), не болмаса акционерлердің жалпы жиналысы отырысын өткізбей-ақ акционерлердің дауыс беруімен қолданылады.

25.2. Сырттай дауыс беруді жүргізгенде дауыс беруге арналған бюллетеньнің бірыңғай түрлері акционерлер тізіміне енгізілген тұлғаларға таратылады (жіберіледі).

Басқарушы компанияның акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру ықпалын көрсете отырып дауыс беру бюллетендерін жекелеген акционерлерге таңдап жіберуге құқығы жоқ.

25.3. Дауыс беру арналған бюллетень акционерлердің тізіміне енгізілген тұлғаларға акционерлердің жалпы жиналысының отырысы өткізілген күнге дейін қырық бес күн бұрын көшіктірілмей жіберілуі тиіс.

Акционерлердің саны бес жүз және одан да көп Басқарушы компанияның акционерлердің жалпы жиналысын өткізбей, сырттай дауыс беретін болған жағдайда акционерлердің жалпы жиналысын өткізбей, сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньді акционерлердің жалпы жиналысын өткізу туралы хабармен бірге жарғыда белгіленген баспасөз басылымда жариялауға міндетті.

25.4. Сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньде:

- 1) Басқарушы компанияның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жерін;
- 2) жиналыстың бастамашысын шақыру туралы мәліметті;
- 3) сырттай дауыс беруге арналған бюллетеньдерді берудің соңғы күнін;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысы отырысын өткізу күні не болмаса акционерлердің жалпы жиналысы отырысын өткізбей сырттай дауыс беру үшін дауыстарды есептеу күні;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібін;
- 6) егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібінде директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау туралы сұрақтар қамтылған болса, сайлауға ұсынылатын үміткерлердің аттары;
- 7) дауыс беру бойынша жүргізілетін мәселелер тұжырымын;
- 8) "ия", "қарсы", "қалыс қалды" сөздерімен айтылған акционерлердің жалпы жиналысы күн тәртібіндегі әр мәселе бойынша дауыс беру нұсқалары;
- 9) күн тәртібіндегі әр мәселе бойынша дауыс беру (бюллетеньді толтыру) тәртібін түсіндіру.

25.5. Сырттай дауыс беру бюллетені осы жеке тұлғаны куәландыратын құжаты туралы мәліметтері көрсетілген жеке тұлға-акционермен қол қойылуы тиіс.

Заңды тұлға - акционердің сырттай дауыс беруіне арналған бюллетеньге оның басшысымен қол қойылуы және заңды тұлғаның мөрімен расталуы тиіс.

Жеке тұлға-акционердің немесе заңды тұлға-акционер басшысының қолынсыз бюллетень, сондай-ақ заңды тұлғаның мөрінің жарамсыз болып саналады.

Дауыстарды есептеген жағдайда, дауыстар мына мәселелер бойынша бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін сақтаған акционердің дауысы ескеріледі және дауыс берудің мүмкін болатын нұсқаларының бірі ғана белгіленеді.

25.6 Егер акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі директорлар кеңесі мүшелерін сайлау туралы мәселені қамтыса сырттай дауыс беру бюллетені жекелеген үміткерлер берген дауыс санын көрсетуге арналған торлар болуы керек.

25.7. Егер сырттай дауыс беру бюллетенін бұрын жіберген акционерлердің жалпы жиналысына қатысуға және дауыс беруге келсе, онда аралас дауыс беру қолданылады, оның бюллетені акционерлердің жалпы жиналысы қворумында белгіленген және күн тәртібі мәселелері бойынша дауыстарды есептеген жағдайда ескерілмейді.

## 26. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру

26.1. Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру

1) Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда бір акционерге ұсынылатын акциялар бойынша ең жоғарғы дауыс санын шектеу;

2) Директор кеңесі мүшелерін сайлаған жағдайда шоғырландырма дауыс беру;

3) Акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құқығы бар әр тұлғаға акционерлердің жалпы жиналысын өткізудің тәртіптемелік мәселелері бойынша бір дауыстан беруді қоспағанда "Жалғыз акция – жалғыз дауыс" принципі бойынша жүзеге асырылады.

26.2 Дауыс акциясы бойынша ұсынылатын шоғырландырма дауыстар берілген жағдайда директорлар кеңесі мүшесіндегі бір үміткерге немесе директорлар кеңесі мүшесіне бірнеше үміткерлер арасында дауыстар толығымен акционермен берілуі немесе бөлінуі мүмкін. Директорлар кеңесіне сайланғандарға көпшілік дауыс берілген үміткерлер болып табылады.

26.3 Ашық түрде өткізілетін акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру құпия түрде жүзеге асырылады, мұндай дауыс беру бюллетендері (бұдан әрі осы баптағы- ашық құпия дауыс беру бюллетені) құпия тәсілмен жүзеге асырылатын дауыс берудің жекелендірілген мәселелері бойынша жасалануы тиіс. Сонымен, ашық құпия дауыс беру бюллетені мыналарды қамтуы тиіс:

1) жиналыстың күн тәртібінде мәселенің тұжырымы немесе оның реттік нөмірі;

2) "ия", "қарсы", "қалыс қалды" сөздерімен айтылған сұрақтар бойынша дауыс беру нұсқалары, немесе Басқарушы компанияның органдарына әр үміткер бойынша дауыс беру нұсқалары;

3) акционерге тиесілі дауыстар саны.

26.4 Ашық құпия дауыс беру бюллетеніне акционермен қол қойылмайды, мына жағдайларды ескергенде, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес оған тиесілі акцияларды сатып алу туралы талаптарды Басқарушы компанияның көрсету мақсатында, акционер бюллетеньге өз қалауымен қол қоямын деп хабарлайды.

26.5 Ашық құпия дауыс беру бюллетені бойынша дауыстарды есептегенде, бюллетеньде белгіленген дауыс беру тәртібін дауыс беруші сақтаған, және дауыс берудің мүмкін болатын нұсқаларының біреуі ғана белгіленген жағдайда осы мәселелер бойынша дауыстар ескерілетін болады.

## 27. Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама

27.1 Дауыс беру қорытындылары бойынша есеп комиссиясы дауыс беру қорытындысы туралы хаттаманы жасайды және қол қояды.

27.2 Дауыс беру мәселесі бойынша акционердің өз пікірі болған жағдайда Басқарушы компанияның есептеу комиссиясы хаттамаға тиісті жазбаны енгізуге міндетті.

27.3 Дауыс беру қорытындылары жасалған және қол қойылғаннан кейін күндізгі құпия және сырттай дауыс беру үшін толтырылған бюллетеньдер (оның ішінде жарамсыз болып табылған бюллетеньдер), жасалған хаттама негізінде хаттамамен бірге тігіледі және Басқарушы компанияның мұрағатына тапсырылады.

27.4 Дауыс беру қорытындылары туралы хаттама акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына қоса тіркелуге тиіс.

27.5. Дауыс беру қорытындылары дауыс беру барысында өткізілген акционерлердің жалпы жиналысында жарияланады.

27.6. Акционерлердің жалпы жиналысың дауыс беру қорытындылары немесе сырттай дауыс беру нәтижелері осы акционерлерге акционерлердің жалпы жиналысы жабылғаннан кейін он күн ішінде оларды баспасөз басылымда жариялау немесе әрбір акционерге жазбаша хабарлама жіберу арқылы хабарланады.



## 28. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасы

28.1. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына жиналыс жабылғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жасалуы және қол қойылуы тиіс.

28.2. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасында:

- 1) Басқарушы компанияның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) акционерлердің жалпы жиналысының өткізілетін күні, уақыты және орны;
- 3) акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған Басқарушы компанияның дауыс беру акцияларының саны туралы мәлімет;
- 4) акционерлердің жалпы жиналысының қворумы;
- 5) акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі;
- 6) акционерлердің жалпы жиналысында дауыс беру тәртібі;
- 7) акционерлердің жалпы жиналысының төрағасы (төралқасы) және хатшысы;
- 8) акционерлердің жалпы жиналысына қатысатын тұлғалардың баяндамалары;
- 9) дауыс беруге қойылған акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібіндегі әрі мәселе бойынша акционерлер дауыстарының жалпы саны;
- 10) дауыс беруге қойылған мәселелер, олар бойынша дауыс беру қорытындылары;
- 11) акционерлердің жалпы жиналысымен қабылданған шешімдер.

28.3. Акционерлердің жалпы жиналысының хаттамасына:

- 1) акционерлердің жалпы жиналысының төрағасымен (төралқа мүшелерімен) және хатшымен;
- 2) есептік комиссия мүшелерімен;
- 3) акционерлердің жалпы жиналысында Басқарушы компанияның акцияларына дауыс берген және жалпы жиналысқа қатысқан он және одан жоғары пайыздарға ие болған акционерлермен қол қойылады.

Хаттаманы оған қол қоюға міндетті тұлғамен қол қою мүмкіндігі болмаған жағдайда хаттамаға оның өкілімен оған берілген сенімхат негізінде қол қойылады.

28.4. Осы баптың 3-тармағында көрсетілген тұлғалардың кейбіреуі келісім бермеген жағдайда хаттаманың мазмұнына сәйкес осы тұлға бас тарту себебін жазбаша түрде ұсына отырып, оған қол қоядан бас тартуға құқылы. хаттама қайта берілуі тиіс.

28.5. Акционерлердің жалпы жиналысы дауыс беру қорытындылары туралы хаттамамен, жалпы жиналысқа қатысу және дауыс беру құқығына арналған сенімхаттар, сондай-ақ хаттамаға қол қою және хаттамаға қол қоядан бас тартқаны туралы себептерімен жазбаша түсіндірмелері қоса тігіледі. Көрсетілген құжаттар атқарушы органмен сақталуы және акционерлерге кез келген уақытта танысу үшін ұсынылуы тиіс. Акционердің талабы бойынша оған акционерлердің жалпы жиналысы хаттамасының көшірмесі беріледі.

## 29. Директорлар кеңесі

29.1. Қазақстан Республикасы заңнамасымен және Басқарушы компанияның Жарғысында акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатқызылған мәселелер шешуді қоспағанда, директорлар кеңесі Басқарушы компанияның қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады

29.2. Директорлар кеңесінің ерекше құзыретіне мына мәселелер жатады:

- 1) Басқарушы компанияның қызметінің басымды бағыттарын анықтау;
- 2) акционерлердің жылдық және кезектен тыс жалпы жиналыстарын шақыру туралы шешім қабылдау;
- 3) орналастыру (сату), оның ішінде жарияланған акциялар шегінде орналастырылатын (сатылатын) акциялар саны, оларды орналастыру (сату) тәсілі мен бағасы туралы шешім қабылдау;
- 4) Басқарушы компанияның орналастырылған акцияларды сатып алу немесе басқа бағалы қағаздар және оларды сатып алу бағасы туралы шешім қабылдау;
- 5) Басқарушы компанияның жылдық қаржылық есебін алдын ала бекіту;
- 6) Жай акциялар бойынша дивидендтер төлеу және есепті қаржы жылы үшін төленетін дивидендтерді қоспағанда, бір жай акцияға төленетін дивидендтің мөлшерін айқындау туралы шешімдер қабылдау;
- 7) атқарушы органдардың сандық құрамын, өкілеттіктер мерзімін анықтау, оның басшылары мен мүшелерін сайлау, сондай-ақ олардың өкілеттіктерін мерзімінен тоқтату;
- 8) атқарушы органның басшысы мен мүшелерін лауазымдық жалақылары мен еңбекақы төлеу шарттарын және сыйақы беру мөлшерлерін анықтау;
- 9) ішкі аудит қызметінің жұмыс тәртібін құру және ішкі аудит пен тәуекелдіктерді басқару жөніндегі қызметтің қызметкерлеріне еңбек ақысын төлеу мен сыйлық берудің мөлшерлерін және шарттарын анықтау;
- 10) бағалаушы және аудиторлық ұйымдардың қызмет ақысын белгілеу;

11) Басқарушы компанияның ішкі қызметін реттейтін құжаттарды бекіту (бұған Басқарушы компанияның қызметін ұйымдастыру мақсатында атқарушы орган қабылдайтын құжаттар қосылмайды);

12) Басқарушы компанияның филиалдары мен өкілдіктерін құру және жабу туралы шешімдер қабылдау және олар туралы ережелерді бекіту;

13) Басқарушы компанияның пай қорларын құруы туралы шешім қабылдау;

14) Ережелерді бекіту, инвестициялық қордың инвестициялық декларациясына өзгертулер мен толықтырулар енгізу;

15) Басқарушы компанияның міндеттемелерін оның өзіндік капиталы мөлшерінің он және одан да көп процентін құрайтын шамаға көбейту;

16) бұрынғы тіркеушімен және кастодианмен шарт бұзылған жағдайда Басқарушы компанияның тіркеушісі, кастодианын таңдау;

17) Басқарушы компания немесе оның қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын қызметі туралы ақпаратты айқындау;

18) ірі мәмілелер және жасалуына Басқарушы компания мүдделі мәмілелер жасасу туралы шешімдер қабылдау;

19) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген, акционерлердің жалпы жиналысының айрықша құзыретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

### **30. Директорлар кеңесін сайлау тәртібі**

30.1. Жеке адам ғана директорлар кеңесінің мүшесі бола алады.

30.2. Директорлар кеңесінің мүшелері:

1) акционер - жеке адамдар;

2) директорлар кеңесіне акционерлердің мүдделерін білдіруші өкілдер ретінде сайлауға ұсынылған (ұсыныс берілген) адамдар;

3) басқа адамдар (осы тармақтың 30.3. тармақшасында белгіленген шектеулерді ескере отырып) арасынан сайланады.

Директорлар кеңесінің мүшелерін сайлау шоғырландыра дауыс беру арқылы жүзеге асырылады. Акционер өзіне тиесілі акциялар бойынша бір кандидатты жақтап толық дауыс беруге немесе оларды директорлар кеңесінің мүшелігіне бірнеше кандидат арасында бөліп беруге құқылы. Ең көп дауыс санын алған кандидаттар директорлар кеңесіне сайланған болып есептеледі. Егер директорлар кеңесінің мүшелігіне екі немесе одан да көп кандидат тең дауыс санын алса, бұл кандидаттарға қатысты қосымша дауыс беру өткізіледі.

30.3. Басқарушы компанияның акционері емес және акционердің мүдделерін білдіруші өкіл ретінде директорлар кеңесіне сайлауға ұсынылмаған (ұсыныс берілмеген) жеке адам директорлар кеңесінің мүшесі болып сайлана алады. Мұндай адамдар саны директорлар кеңесі құрамының елу процентінен аспауы керек.

30.4. Атқарушы органның басшысынан басқа мүшелері директорлар кеңесіне сайлана алмайды. Атқарушы органның басшысы директорлар кеңесінің төрағасы болып сайлана алмайды.

30.5. Директорлар кеңесі мүшелерінің саны кем дегенде үш адам болуға тиіс. Басқарушы компанияның директорлар кеңесі мүшелерінің кемінде үштен бір бөлігі тәуелсіз директорлар болуға тиіс.

30.6. Директорлар кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптар Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда белгіленеді.

### **31. Директорлар кеңесі мүшелерінің өкілеттік мерзімі**

31.1. Директорлар кеңесінің құрамына сайланған адамдардың, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, қайта сайлануына шек қойылмауы мүмкін.

31.2. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімін акционерлердің жалпы жиналысы белгілейді. Директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімі акционерлердің жаңа директорлар кеңесін сайлау өткізілетін жалпы жиналысын өткізу кезінде аяқталады.

31.3. Акционерлердің жалпы жиналысы директорлар кеңесінің барлық немесе жекелеген мүшелерінің өкілеттілігін мерзімінен бұрын тоқтатуға құқылы.

31.4. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттілігін өз бастамасы бойынша мерзімінен бұрын тоқтату директорлар кеңесіне берілген жазбаша хабарлама негізінде жүзеге асырылады. Директорлар кеңесінің мұндай мүшесінің өкілеттігі директорлар кеңесі аталған хабарламаны алған кезден бастап тоқтатылады.

31.5. Директорлар кеңесі мүшесінің өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда, директорлар кеңесінің жаңа мүшесін сайлау акционерлердің жалпы жиналысында ұсынылған дауыс беретін акциялардың жалпы санының жай көпшілік даусымен жүзеге асырылады, бұл орайда директорлар кеңесінің осы мүшелерінің өкілеттігі тұтас алғанда директорлар кеңесінің өкілеттік мерзімінің өтуімен бір мезгілде аяқталады.

### 32. Директорлар кеңесінің төрағасы

32.1 Директорлар кеңесінің төрағасы акционерлердің жалпы жиналысына қатысқандардың жалпы санының көпшілік даусымен оның мүшелері арасынан сайланады.

32.2 Директорлар кеңесінің төрағаны қайта сайлауға құқылы

32.3 Директорлар кеңесінің төрағасы директорлар кеңесінің жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарын жүргізеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады

32.4 Директорлар кеңесінің төрағасы болмаған жағдайда, оның функцияларын директорлар кеңесінің шешімі бойынша директорлар кеңесі мүшелерінің бірі жүзеге асырады

### 33. Директорлар кеңесінің отырысын шақыру

33.1 Директорлар кеңесінің отырысы оның төрағасының немесе атқарушы органның бастамасы бойынша, не:

- 1) директорлар кеңесінің кез келген мүшесінің;
- 2) Басқарушы компанияның ішкі аудит қызметінің;
- 3) Басқарушы компанияға аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның;
- 4) ірі акционердің талап өтуі бойынша шақырылуы мүмкін.

33.2 Директорлар кеңесінің отырысын шақыру туралы талап директорлар кеңесінің төрағасына директорлар кеңесі отырысының ұсынылатын күн тәртібі бар тиісті жазбаша хабар жіберу арқылы қойылады.

33.3 Директорлар кеңесінің төрағасы отырысты шақырудан бас тартқан жағдайда бастамашы аталған талаппен, атқарушы органға жүгінуге құқылы, ол директорлар кеңесінің отырысын шақыруға міндетті.

33.4 Директорлар кеңесінің отырысын директорлар кеңесінің төрағасы немесе атқарушы орган, егер Басқарушы компанияның Жарғысында өзге мерзім белгіленбесе, шақыру туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен кешіктірмей шақыруға тиіс.

33.5 Директорлар кеңесінің отырысы осы тармақтың 33.4 тармақшасында жазылған талапты ұсынған тұлға міндетті түрде шақырылып өткізіледі.

33.6 Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы жазбаша хабарлама, егер Басқарушы компанияның Жарғысында өзге мерзімдер белгіленбесе, отырыстың күн тәртібіндегі мәселелер бойынша материалдарымен қоса, отырыс өткізілетін күнге дейін үш күннен кешіктірмей директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиіс.

Директорлар кеңесінің отырысын өткізу туралы хабарламада отырыстың өткізілетін күні, уақыты және орны туралы мәліметтер, сондай-ақ оның күн тәртібі болуға тиіс.

33.7 Директорлар кеңесінің мүшесі өзінің директорлар кеңесінің отырысына қатыса алмайтыны туралы атқарушы органға алдын ала хабарлауға міндетті.

### 34. Директорлар кеңесінің отырысы

34.1 Директорлар кеңесінің отырысын өткізу үшін кворум директорлар кеңесі мүшелері санының жартысынан кем болмауға тиіс.

Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны кворумға қол жеткізу үшін жеткіліксіз болған жағдайда, директорлар кеңесінің жаңа мүшелерін сайлау үшін директорлар кеңесі акционерлердің кезектен тыс жалпы жиналысын шақыруға міндетті. Директорлар кеңесінің қалған мүшелері акционерлердің мұндай кезектен тыс жалпы жиналысын шақыру туралы ғана шешім қабылдауға құқылы.

34.2 Директорлар кеңесінің әрбір мүшесінің бір даусы болады. Директорлар кеңесінің шешімдері, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, директорлар кеңесінің отырысқа қатысқан мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады.

34.3 Дауыстар саны тең болған кезде директорлар кеңесі төрағасының немесе директорлар кеңесінің отырысында төрағалық етуші адамның дауысы шешуші дауыс болып табылады.

34.4 Директорлар кеңесі директорлар кеңесінің мүшелері ғана қатыса алатын өзінің жабық отырысын өткізу туралы шешім қабылдауға құқылы.

34.5 Директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы шешімдер қабылдау мүмкін.

34.6 Сырттай дауыс беру арқылы жасалған шешім белгіленген мерзімде алынған бюллетеньдерде кворум бар болғанда қабылданған болып есептеледі.

Директорлар кеңесінің сырттай отырысының шешімі жазбаша түрде ресімделуге тиісті және оған хатшы мен директорлар кеңесінің төрағасы қол қоюға тиісті.

Шешім ресімделген күннен бастап жиырма күннің ішінде ол осы шешімге негіз болған бюллетеньдер қоса беріліп, директорлар кеңесінің мүшелеріне жіберілуі тиісті.

34.7 Директорлар кеңесінің қатысу тәртібімен өткен отырысында қабылданған шешімдері хаттамамен ресімделеді, ол отырыс өткен күннен бастап үш күн ішінде жасалып, оған отырыста төрағалық өткен адам мен директорлар кеңесінің хатшысы қол қоюға және онда:

- 1) Басқарушы компанияның атқарушы органының толық атауы және орналасқан жері;
- 2) отырыстың өткізілген күні, уақыты және орны;
- 3) отырысқа қатысқан адамдар туралы мәліметтер;
- 4) отырыстың күн тәртібі;
- 5) дауыс беруге қойылған мәселелер және олар бойынша дауыс берудің қорытындылары;
- 6) қабылданған шешімдер;
- 7) директорлар кеңесінің шешімі бойынша өзге де мәліметтер болуға тиіс

34.8. Директорлар кеңесі отырыстарының хаттамалары және директорлар кеңесі сырттай дауыс беру арқылы қабылдаған шешімдер Басқарушы компанияның мұрағатында сақталады.

Директорлар кеңесінің хатшысы директорлар кеңесі мүшесінің талап етуі бойынша оған директорлар кеңесі отырысының хаттамасын және сырттай дауыс беру арқылы қабылданған шешімдерді танысу үшін беруге және (немесе) оған хаттама мен шешімнің Басқарушы компанияның уәкілетті қызметкері қол қойып, Басқарушы компанияның мөрі басылып үлкендірілген үзінді көшірмесін беруге міндетті.

### 35. Директорлар кеңесінің отырысының сырттай дауыс беруі

35.1. Директорлар кеңесінің шешімдері директорлар кеңесінің қарауына енгізілген мәселелер бойынша сырттай дауыс беру арқылы қабылдануы мүмкін.

35.2. Сырттай дауыс беру директорлар кеңесінің шақыруға бастамашы болу құқығы бір ұлғалардың бастамасы бойынша өткізіледі. Сырттай дауыс беруді өткізу туралы талап директорлар кеңесінің төрағасына (ол сырттай дауыс беруді өткізуден бас тартқан жағдайда атқарушы органға) жазбаша нысанда беріледі және дауыс беруге қойылған, нақты және біржақты тұжырымдалған мәселе болуы тиіс.

35.3. Сырттай дауыс беру кезінде дауыс беруге арналған бірыңғай нысандағы бюллетеньдер және дауыс беруге енгізілген мәселе бойынша материалдар директорлар кеңесінің арлық мүшелеріне дауыс беруді өткізу туралы талап келіп түскен күннен бастап он күннен әшіктірілмей жіберіледі.

35.4. Бюллетеньде:

- 1) Басқарушы компанияның толық атауы;
- 2) мәжілісті өткізудің бастамашысы туралы мәліметтер
- 3) дауыс беруге арналған бюллетеньдерді ұсынудың түпкілікті күні
- 4) дауыс беруге қойылған, нақты және біржақты тұжырымдалған мәселе
- 5) «иә», «жоқ», «қалыс қалдым» деген сөздермен білдірілген дауыс беру нұсқалары
- 6) бюллетеньді толтыру тәртібі бойынша түсіндірме болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің сырттай өткізілген мәжілісінің шешімі директорлар кеңесінің мүшелерінен келіп түскен бюллетеньдерді қоса бере отырып жазбаша түрде рәсімделеді.

### 36. Басқарушы компанияның басқармасы

36.1. Ағымдағы қызметті басқаруды атқарушы орган – басқарма, басқаруды төраға басқармасы жүзеге асырады.

36.2. Басқарма Басқарушы компанияның қызметінің осы Жарғыда, Қазақстан Республикасының заңнамасында Басқарушы компанияның басқа органдары мен лауазымды адамдарының құзыретіне жатқызылмаған кез келген мәселесі бойынша шешім қабылдауға құқылы.

36.3. Басқарма акционерлердің жалпы жиналысының және директорлар кеңесінің шешімдерін орындауға міндетті.

36.4. Егер мәміле жасасу кезінде тараптардың Басқарушы компанияның белгілеген актеулер туралы білгендігін дәлелдесе, Басқарушы компания өзінің басқармасы осы шектеулерді за отырып жасаған мәміленің жарамды екеніне дәуласуға құқылы.

36.5. Басқарушы компанияның акционерлері және оның акционерлері болып табылмайтын адамдар басқарманың мүшелері бола алады.

36.6. Басқарманың мүшесі директорлар кеңесінің келісімімен ғана басқа ұйымдарда жұмыс істеуге құқылы.

36.7. Басқарма мүшесінің функциялары, құқықтары мен міндеттері осы Жарғымен, Қазақстан Республикасының заңнамасымен, сондай-ақ аталған адам мен Басқарушы компанияның арасында жасалатын жеке еңбек шартымен белгіленеді. Басқарушы компанияның атынан басқарма төрағасымен жасалатын жеке еңбек шартына директорлар кеңесінің төрағасы немесе осыған алпы жиналыс немесе директорлар кеңесі уәкілеттік берген адам қол қояды. Басқарманың қалған мүшелерімен жасалатын жеке еңбек шартына басқарма төрағасы қол қояды.

36.8. Басқарма төрағасының өкілеттіктері.

Басқарма төрағасы:

1) акционерлердің жалпы жиналысы мен директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді.

2) үшінші тұлғалармен қатынастарда Басқарушы компания атынан сенімхатсыз өрекет

3) үшінші тұлғалармен қатынастарда Басқарушы компания атынан өкілдік ету құқығына сенімхат береді;

4) Басқарушы компанияның қызметкерлерін қабылдауды, ауыстыруды және жұмыстан ағуды жүзеге асырады. (Қазақстан Республикасының қолданылып жатқан заңнамасындағы белгіленген жағдайларды қоспағанда) оларға көтермелеу шараларын қолданады және тәртіптік шаралар қолданады. Басқарушы компанияның штат кестесіне сәйкес Басқарушы компания қызметкерлерінің лауазымдық айлықақыларының және айлықақыларына дербес үстемеақылардың мөлшерін белгілейді. атқарушы орган мен Қоғамның ішкі аудит қызметінің құрамына кіретін қызметкерлерді қоспағанда. Басқарушы компания қызметкерлеріне берілетін сыйлықақы мөлшерін белгілейді.

5) өзі болмаған жағдайда өз міндеттерін атқаруды басқарма мүшелерінің біріне жүктейді;

6) Басқарма мүшелерінің арасында міндеттерді, сондай-ақ өкілеттік пен жауапкершілікті бөліседі;

7) осы Жарғыда, акционерлер жалпы жиналысы мен директорлар кеңесінің шешімдерінде және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

### 37. Ішкі аудит қызметі

37.1. Басқарушы компанияның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды көмінде үш жыл ішінде ішкі аудит қызметі жүзеге асырады.

37.2. Ішкі аудит қызметінің қызметкерлері директорлар кеңесінің және атқарушы органның құрамына сайлана алмайды.

37.3. Ішкі аудит қызметі тікелей директорлар кеңесіне бағынады және өз жұмысы туралы есеп алдында есеп береді.

### 38. Басқарушы компанияның ақпаратты ашуы

38.1. Басқарушы компания өз қызметі туралы, Басқарушы компания акционерлерінің сұрағандарына қосымша өзіндік акционерлеріне Заңға және осы Жарғыға сәйкес назарына аудармайды.

Басқарушы компания оның акционерлерінің өзінің хабарларын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес міндетті түрде жарияланатын басқа ақпаратты жариялау үшін пайдаланатын баспасөз басылымы «Южный Казахстан» газеті болып табылады.

38.2. Акционерлердің талап етуі бойынша Басқарушы компания акционерлерге Заңда белгіленген құжаттардың көшірмелерін беруге міндетті.

38.3. Акционер ақпарат алу мақсатында Басқарушы компанияның атқарушы органына хабарлама жасағанда өтініш жасайды. Акционердің өтініші Басқарушы компанияның кіріс құжаттарын беруге алу журналында тіркелуі тиіс. Басқарушы компания акционерге талап етілетін ақпаратты өтініш жасаған күннен бастап отыз күн ішінде беруге міндетті.

38.4. Құжаттардың көшірмелерін бергені үшін төленетін ақының мөлшерін Басқарушы компания белгілейді және құжаттардың көшірмелерін дайындау шығыстарының құнынан және құжаттарды акционерге жеткізуге байланысты шығыстарды төлеу ақысынан аспауы тиіс.

### 39. Басқарушы компания қайта ұйымдастыру және тарату

39.1. Басқарушы компания акционерлердің жалпы жиналысының шешімі бойынша немесе Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген негіздер бойынша қайта ұйымдастырылуы мүмкін.

39.2. Басқарушы компанияны қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі Заңмен және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерімен реттеледі.

### 40. Қорытынды ережелер

40.1. Басқарушы компания осы Жарғымен реттелмегендер бойынша Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін басшылыққа алады.

40.2. Осы Жарғы белгіленген заңнамалық тәртіппен оның мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді.



«Орда Капитал» Басқарушы компания» АҚ

*Айзау*

Заболотная М Ю

28


1

0 0 0 0 0

0

0

0



THE UNIVERSITY OF CHICAGO

30







В Устав Акционерного общества «Управляющая компания «ОРДА Капитал» внести следующие изменения:

Пункт 5.2 исключить.

Пункт 6.2 исключить.

Пункт 6.3 исключить.

Устав дополнить разделом 36-1 следующего содержания:

**«36-1. Порядок предоставления акционерами и должностными лицами Управляющей компании информации об их аффилированных лицах.**

36-1.1. Сведения об аффилированных лицах Управляющей компании не являются информацией, составляющей служебную, коммерческую или иную охраняемую законом тайну.

36-1.2. Управляющая компания обязана вести учет своих аффилированных лиц на основании сведений, представляемых этими лицами или регистратором Управляющей компании (только в отношении лиц, являющихся крупными акционерами в порядке, установленном уполномоченным органом).

36-1.3. Физические и юридические лица, являющиеся аффилированными лицами Управляющей компании, обязаны представлять Управляющей компании в течение семи дней со дня возникновения аффилированности сведения о своих аффилированных лицах, по форме утвержденной Советом директоров.

36-1.4. Управляющая компания обязана предоставлять список своих аффилированных лиц уполномоченному органу в установленном им порядке».


Председатель правления  
АО «Управляющая компания «ОРДА Капитал»

*Лисас* Заболотная М.Ю.

**«ОРДА Капитал» Басқарушы компания»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ  
ЖАРҒЫСЫНА  
ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ**

өзгертулер мен толықтырулар  
акционерлердің кезектен тыс  
жиналысымен бекітілді  
хаттама №6 18.07.2007ж

Шымкент қаласы - 2007 жыл



3

Басқарушы компания «ОРДА Капитал» акционерлік қоғамының Жарғысына келесі өзгертулер енгізу:

Тармақ 5.2 шығарып тастау.

Тармақ 6.2 шығарып тастау.

Тармақ 6.3 шығарып тастау.

Жарғыны 36-1 тармағымен келесі мазмұнмен толықтыру:

**36-1. Басқарушы компания акционерлерінің және лауазымды тұлғаларының олардың Басқарушы компаниямен аффилирленуі және олардың аффилирленген тұлғалары туралы ақпаратты беру тәртібі.**

36-1.1. Басқарушы компанияның аффилирленген тұлғалары туралы мәліметтер қызметтік, коммерциялық немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпарат болып табылмайды.

36-1.2. Басқарушы компанияның өзінің аффилирленген тұлғаларының есебін осы тұлғалар немесе Басқарушы компанияның тіркеушісі (уәкілетті орган белгіленген тәртіппен тек ірі акционерлер болып табылатын тұлғаларға қатысты) берген мәлімет негізінде жүргізуге міндетті.


36-1.3. Басқарушы компанияның аффилирленген тұлғалары болып табылатын жеке және заңды тұлғалары аффилирленуі пайда болған күннен бастап жеті күннің ішінде Басқарушы компанияның өзінің аффилирленген тұлғалары туралы мәліметті беруге міндетті, беру нысаны директорлар кеңесінің отырысында бекітілген.

36-1.4. Басқарушы компанияның уәкілетті орган белгіленген тәртіппен уәкілетті органға өзінің аффилирленген тұлғаларының тізімін беруге міндетті».

«ОРДА Капитал» Басқарушы компания» АҚ  
Басқарма төрайымы

*М.Ю. Заболотная* Заболотная М.Ю.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ  
«ОРДА КАПИТАЛ» АҚ  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ



КЕЈЕСИ БЕТЕКЕ КАРА  
СМОТРИ НА ОБРОТЕ





**«ОРДА Капитал» Басқарушы компания»  
Акционерлік қоғамының**

**ЖАРҒЫСЫНА ӨЗГЕРТУЛЕР**

ЭЛЕКТРОНДЫ БАҢК  
ДЕРЕКТЕРІМЕ ЖАЗБА  
ЕНГІЗІЛГЕН 12.10.10

Жарғыға өзгертулер  
акционерлердің кезектен тыс жалпы  
жиналысымен енгізілді және бекітілді  
2010 жылдың 01 қазанындағы №11 хаттамасы


Шымкент қ., 2010

«ОРДА Капитал» Басқарушы компания» АҚ-ның Жарғысына келесідей өзгертулер енгізілсін:

1.4. тармақ келесідей мәтінде жазылсын:

«Басқарушы компанияның атқарушы органының мекен-жайы: Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы, Шымкент қ., Ф.Иляев көш., 47 үй».


«ОРДА Капитал»  
Басқарушы компания» АҚ  
Басқарма Төрайымы



Заболотная М.Ю.

## ИЗМЕНЕНИЯ В УСТАВ

Акционерного общества  
«Управляющая компания «ОРДА Капитал»



Изменения внесены в Устав и утверждены  
внеочередным общим собранием акционеров,  
протокол № 11 от 01 октября 2010 года


г.Шымкент, 2010



В Устав АО «Управляющая компания «ОРДА Капитал» внести следующие изменения:

Пункт 1.4. изложить в следующей редакции:

«Местонахождение исполнительного органа Управляющей компании: Республика Казахстан, Южно-Казахстанская область, г.Шымкент, ул.Г.Иляева, дом 47».



Председатель Правления  
АО «Управляющая компания  
«ОРДА Капитал»

*Жива, —*

Заболотная М.Ю.

2010 жылдың «04» қазан мен, Оңтүстік Қазақстан облысының нотариалдық округінің  
нотариусы Пазылбекова Жанар Тулеповна, КР ӘМ лицензия № 0000845, 18 қазан 2000  
жылғы. Аз. Заболотная Марина Юрьевна, менің көзімше қойған қолының түпнұсқалығын  
қуғаландырдым, қол қоюшының әсеке басы анықталды, әрекет қабілеттілігі тексерілді.

04 октября 2010 года я, нотариус Южно-Казахстанского нотариального округа  
Пазылбекова Жанар Тулеповна, лицензия № 0000845 от 18 октября 2000 года, выданная  
Министерством Юстиции Республики Казахстан, свидетельствую подлинность подписи гр.  
Заболотной Марины Юрьевны, в лице Председателя Правления АО «Управляющая компания  
«ОРДА Капитал», которая сделана в моем присутствии. Личность подписавшего документ  
установлена и полномочие должностного лица на права подписи проверено.

Зарегистрировано в реестр за № 9673

Оплачено 10000

Нотариус Пазылбекова

4  
Пазылбекова

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ӘДІЛЕТ МИНИСТРЛІГІ

СІМҮСТІК ҚАЗАҚСТАН  
ОБЛАСТЫНЫҢ ӘДІЛЕТ  
ДЕПАРТАМЕНТІ



МИНИСТЕРСТВО ЮСТИЦИИ  
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ДЕПАРТАМЕНТ ЮСТИЦИИ  
ЮЖНО-КАЗАХСТАНСКОЙ  
ОБЛАСТИ

160012, Шымкент қаласы, Желтоқсан к., 16  
телефон/факс: (8 7252) 23-23-76  
электронная почта: shym\_organ@minjust.kz  
РНН 58230000-119, БИК 195301070, ИИНК 000120200, Кбс 11  
ҚР Юстиция Қазаншылық Департаменті, Шымкент қ-сы

160012, г. Шымкент, ул. Желтоқсан, 16  
телефон/факс: (8 7252) 23-23-76  
электронная почта: shym\_organ@minjust.kz  
РНН 58230000-119, БИК 195301070, ИИНК 000120200  
Департамент Казначейства по ЮКО, г. Шымкент

№ 2-58-08/1908  
12.10.20

Председателю Правления  
АО «Управляющая компания  
«ОРДА Капитал»  
М.Ю. Заболотная

Департамент юстиции на Ваше заявление от 05.10.2010 года сообщает, что представленное внесенное дополнение в устав Акционерное общество «Управляющая компания» «ОРДА Капитал», а именно изменение местонахождения данного товарищества (юридический адрес: город Шымкент, улица Г.Ильяева, 47), принято к сведению и внесена запись в электронную базу данных юридических лиц об изменении местонахождения Акционерного общества «Управляющая компания» «ОРДА Капитал» (свидетельство №23024-1958-АО).

Также сообщает, что согласно Приказа Министра юстиции Республики Казахстан от 24.02.2010 года №63 «О внесении изменений и дополнений в приказ Министра юстиции Республики Казахстан от 12.04.2007 года №112 «Об утверждении Инструкции по государственной регистрации юридических лиц и учетной регистрации филиалов и представительств» и п.п. 35 п.7 Инструкции по государственной регистрации юридических лиц и учетной регистрации филиалов и представительств», регистрации внесенных изменений и дополнений в учредительные документы подлежат в случае, перемены местонахождения юридического лица из одной области в другую (городов Астана и Алматы), района в район одной области.

Кроме того, согласно п.34 п.7 данной инструкции, в случае внесения изменений и дополнений в учредительные документы, не влекущих государственную перерегистрацию юридических лиц и филиалов (представительств) извещает об этом регистрирующий орган в месячный срок.

Заместитель начальника  
департамент юстиции

М.Махамбетов

Исп. А.Капарбекова  
232085

